

Алматы қаласының сауда кәсіпорындарының қоғамдық тамақтандыру мекемелерінің және базарлардың 2000 жылғы көктемгі-жазғы мезгілге жұмыстарының әзірлігі туралы.

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімінің 2000 жылғы 12 сәуірдегі N 366 шешімі. Алматы қалалық әділет басқармасында 2000 жылғы 17 тамызда N 151 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 5/778 қаулысымен

Ескерту: Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 31.12.2003 N 5/778 қаулысымен.

Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарын көктемгі-жазғы мезгілде жайлы сауда қызмет көрсетуін қамтамасыз ету, әртүрлі ауруларды болдырмау және тағам улануын болдырмау белгіленбеген жерлерде сауда жүргізуді болдырмау мақсатында Алматы қаласының әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. А у д а н ә к і м д е р і н е :
 - базарлардың қоғамдық тамақтандыру орындарының, сауда кәсіпорындарының басшыларына меншік түріне қарамастан сауда объектілерін және оның аумағын тиісті санитарлық-техникалық жағдайына келтіруін м і н д е т т е с і н ;
 - қалалық СЭС қызметі маусымдық сауда нүктелерін белгілесін (жазғы алаңдар), балмұздақты тоңазытқыштар, салқын сусындар автоматтары;
 - аудандарда белгіленбеген жерлерде сауда жүргізуге рұқсат бермеу;
 - санитарлық-ветеринарлық сараптауды талап ететін азық-түлік өнімдерді және басқа көкөніс өнімдерін еркін саудалауға тыйым салу;
 - 2000 жылдың 15 сәуірінен 2000 жылдың 15 мамырына дейін сауда нүктелерінің, оның ішінде базарлардың, қоғамдық тамақтандыру орындарының, көтерме сауда нүктелерінің көктемгі-жазғы мезгілде жұмыстарына байқау өткізіп , қ о р ы т ы н д ы жұ м ы с т а р ы н б е р с і н .
2. Қалалық санитарлық-эпидемиологиялық басқармасының бастығы (В . А . М е р к е р) :
 - тамақ өнімдерін алып келу және сатуда қатаң бақылау жасасын.
3. Алматы қаласының Бас ветеринарлық дәрігері (Б.А.Сәбденов):
 - қалаға мал өнімдерін және өсімдік тағамдарын алып келуге және оны сатуға қ а т а ң б а қ ы л а у ж а с а с ы н .
4. Алматы қалалық Ішкі істер Бас басқармасының бастығы (Қ.Н.Қасымов):

- еркін сауда жасаушыларға тосқауыл қою шараларын белсенді өткізсін.

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қ.А.Бүкеновке жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

В.Храпунов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК